

# Салық құқығы

Орындаған: Баешев А.

## Жоспар



- 1) Салық – ұғымы
- 2) Салық жүйесі - ұғымы
- 3) Салық – мазмұны
- 4) Салық – элементтері
- 5) ҚР салық жүйесі
- 6) Салықты  
экономикалық,  
материалдық, құқықтық  
тұрғыда қарастыру
- 7) Салық төлеушілердің  
міндеттері
- 8) Салық төлеушінің  
құқықтары



# ҰҒЫМЫ

- **Салық** – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті ақшалай төлемдер.
- **Салық** – мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық санат.



Экономикалық санат - Экономикалық  
Категория экономикалық құбылыстарды сипаттайтын  
ғылыми ұғым, экономикалық құбылыстарды ғылыми  
тұрғыдан танып-білу құралы.



**алымдар  
мен  
төлемдердің  
жиынтығы**

**органдар  
жиынтығы**

**қағида, әдіс,  
тәсілдердің  
жиынтығы**

**Салық  
жүйесі**

**институттық  
инфрақұрылым**

**нормативтік  
актілердің  
жиынтығы;**



**KAZGUU  
UNIVERSITY**

# Салық жүйесі

- 1) бюджеттен тыс қорларды қаржыландыру үшін қолданылатын салықтардың, **алымдар мен төлемдердің жиынтығы**
  - 2) салықтарды белгілеу, өзгерту, күшін жою, оларды төлету шараларын қолдану, салықтық бақылауды жүзеге асыру, салық заңнамасын бұзғаны үшін жауапқа тарту және жауапкершілік шараларын қолдану **қағидаларының, әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы**
  - 3) сондай-ақ салық қатынастарын реттейтін салық қызметі **органдарының жиынтығы;**
  - 4) елдегі салық санау рәсімдерін реттейтін заңнамалық актілер мен заңнан туындайтын **нормативтік актілердің жиынтығы;**
  - 5) елдегі салықтар мен алымдарды есептеу мен төлеудің **институттық инфрақұрылымы.**
-








# ҚР салық жүйесі

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «ҚР салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгіленген алғашқы құжат. Осы заңға сәйкес ҚР 1992 жылғы қаңтардың 1-нен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізілді. 1995 ж 24 сәуірінде ҚР Президентінің «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң қабылданды. **ҚР Салық кодексі, 2001 жылдың 12 маусымында қабылданды.** ҚР 2008 ж 10 желтоқсандағы N 99-IV Кодексі.



**Экономикалық** тұрғысынан қарағанда салық-салық төлеушілерден мемлекетке қарай белгілі бір мөлшерде, белгілі бір мерзімде және белгіленген тәртіпте бір бағыттағы ақшаның қозғалысы болып саналады.



**Материалдық** тұрғыдан алғанда - бұл, салық төлеушінің белгілі бір мерзімде және белгіленген тәртіпте мемлекетке беретін белгілі бір акша сомасы болып табылады (салық натуралдық тұрғыда материалдық құндылық болып саналады).



***Құқықтық*** тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл **мемлекеттік бекітілім**, яғни тұлғалардың мемлекетке белгілі бір ақша сомасын беруін (төлеуді) көздейтін **міндеттеме**.



# Салық төлеушілердің міндеттері

- уақытылы салық инспекциясына тіркеліп, тіркеу нөмірін алуға;
- мемлекеттік салық комитетінің актілеріне сәйкес есеп құжаттамаларды жүргізуге, осы есеп құжаттамаларды бес жыл бойы сақтауға;
- белгіленген мерзімде салық декларациясын тапсыру;
- атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет үшін төлемді жүзеге асыратын салық, төлеуші салық қызметінің талабы бойынша атқарушыға төленген суммалар туралы ақпарат беруге;
- салық заңдарын, салық төлеу тәртібін, салық төлеу қатаң сақтауға.

# Салық төлеушінің құқықтары

1. салық жөнінде жеңілдіктерге деген құқығын растайтын құжаттарды табыс етуге;
2. жүргізілген тексерулер актілерімен танысуға;
3. салық органдарына салықтарды есептеу мен төлеу және жүргізу мен тексеру актілері жөніндегі түсіндірмелерді ұсынуға;
4. заңға сәйкес тәртіппен салық органдарының шешімдеріне шағымдануға;
5. салық салуға қатысуы деп саналатын ақпаратпен құжаттарды тапсырмауға құқы бар.

# Назарларыңызға рақмет

